

1941 - 1945 жылдардағы ҰОс майданда қайтыс болған балқаштықтарға арналған мемориал

1970 жылы қалалық жағалауда Бейбітшілік және Желтоқсан көшелерінің қиылысында, ҰО соғысында қаза тапқан Балқаштықтардың құрметіне қойылған ескерткіш. Жоғарыға көтерілетін эспланада темірбетонды құрылымнан жасақталған, екі жақ қабырғасында тақырыптық барельефтердің суреттері бейнеленген және қаза болған балқаштықтардың аттарын көруге болады. Бетоннан орнатылған қабырғалардың ішкі жағында жауынгерлердің есімдері жазылған. Мемориалдың ортасында мәңгілік алау жанып тұрған бес жұлдыз бар. Ескерткіштің биіктігі бес метр. Авторлары: Б. Мұсат, архитектор – А. Исмаилов. Балқаш қалалық әскери комиссариаты арқылы – 8554 адам соғысқа атанды. 1735 балқаштықтар майдан далаларында қаза болды. Балқаштық жауынгерлердің майдандағы географиялық картасы да жарты Европаны қамтиды. 35 балқаштық солдат Будапешті алуға, 81-і Варшаваны азат етуге, 22 – Венаны, 14 - Софияны азат етуге қатысып, 120 балқаштық батырлар Берлинді алуға қатысады. (С.Каукербековтың «Гордость балхашцев» кітабінің материалы негізінде)

